

"Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты" КЕАҚ



"Бекітілген"
Ғылыми кеңестің шешімімен
2024 жылғы " 27 " тамыз, №1 хаттама

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында
студенттерді қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

Арқалық, 2024ж.

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы Ереже білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Осы Ереже ПОҚ және құрылымдық бөлімшелер, білім алушылар үшін міндетті басты ереже болып табылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы.

2.2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. (өгертулер мен толықтырулар ҚР ЖБЖФМ 27.08.2024ж. №419).

2.3 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы. (өгертулер мен толықтырулар ҚР ЖБЖФМ 04.04.2023ж. № 145).

2.4 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. (өгертулер мен толықтырулар ҚР ЖБЖФМ 02.08.2023ж. № 379).

2.5 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы. (өгертулер мен толықтырулар ҚР ЖБЖФМ 27.10.2023ж. № 547).

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1 Кредиттік оқыту технологиясы-академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу реттілігін таңдау және өз бетінше жоспарлау негізінде оқыту.

3.2 Академиялық адалдық-жазбаша жұмыстарды (бақылау, құрстық, эссе, дипломдық) орындау, емтихандарға жауап беру, зерттеу, өз ұстанымын білдіру, академиялық персоналмен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен қарым-қатынас жасау, сондай-ақ бағалау кезінде білім алушының оқудағы адалдығын білдіретін құндылықтар мен қағидаттардың жиынтығы.

3.3 Академиялық кредит - білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі.

3.4 Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) – демалыс күндерін (демалыс және мереке күндерін) көрсете отырып, оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі.

3.5 Білім алушылардың оқу жетістіктері – білім алу процесінде алған және жеке тұлғаның қол жеткізілген даму деңгейін көрсететін білім алушылардың білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері.

3.6 Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің оқу бағдарламасын менгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

3.7 Бакалавриат - кемінде 240 академиялық кредитті міндettі түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі.

3.8 Дипломдық жоба - жобалық тәсілдерді және (немесе) жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және басқа да жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндettterdі дербес шешу болып табылатын студенттің бітіру жұмысы.

3.9 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

3.10 Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі-халықаралық тәжірибеде қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балдардағы оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі.

3.11 Еуропалық трансферт (аударым) және қредиттерді жинақтау жүйесі (ECTS (еситиэс)) – студенттің шетелде алған кредиттерін өз білім беру үйіміна оралғаннан кейін олардың дәрежесін алу үшін есептелетін кредиттерге аудару, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шенберінде кредиттерді жинақтау тәсілі.

3.12 Транскрипт (Transcript) - кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде менгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат.

3.13 Үлгерімнің орташа балы (Grade point Average - GPA) – таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының сандық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы).

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – бұл мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін игеру

дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім. Қорытынды атtestаттау академиялық құнтізбеде көзделген өткізу мерзімдері, Ғылыми кеңес бекіткен нысадар мен бағдарламалар бойынша жүргізіледі.

4.2 Қорытынды атtestаттаудың мақсаты оқу нәтижелерін және ББ оқу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген игерілген құзыреттерді бағалау болып табылады. Қорытынды атtestаттау ББ жалпы көлемінде 12 академиялық кредитті құрайды.

4.3 Диплом жобасын жазуға және қорғауға үміткерлерді анықтау кезінде мынадай критерийлер ескеріледі:

- 3,5-тен төмен емес GPA бар студенттер;
- әдістемелік, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар материалдарының жинақтарында немесе ғылыми-әдістемелік басылымдарда мақалалар жариялаған студенттер;
- республикалық, халықаралық ғылыми байқаулардың жүлдегерлері.

4.4 Студенттерді, ғылыми жетекшілерді және рецензенттерді көрсете отырып, жұмыс орнын, атқаратын лауазымын және білімін (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы диплом бойынша базалық білімі) көрсете отырып, дипломдық жобалардың тақырыптары институттың академиялық кеңесінің отырысында қаралады және институт ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.5 Кешенді емтихан өткізу түрі ұзақтығы мен мерзімі академиялық құнтізбеге сүйене отырып, білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларында қарастырылады және институттың академиялық кеңесінде бекітіледі.

4.6 Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына жауап беретін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді көрсетеді. Қысқартылған ББ бойынша оқытын студенттер үшін қорытынды атtestаттау бағдарламасына алдыңғы оқу деңгейіндегі қайта есептелген пәндер енгізілуі мүмкін.

4.7 Студенттерді қорытынды атtestаттауды бағалау студенттің оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS (иситиэс) 1-қосымшага сәйкес аудара отырып негізделеді.

4.8 Қорытынды атtestаттаудың мақсаты оқу нәтижелерін және білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген негізгі құзыреттерді бағалау болып табылады.

5. АТTESTАТТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

5.1 Білім алушыларды қорытынды атtestаттаудан өткізу үшін білім беру бағдарламалары бойынша атtestаттау комиссиясы құрылады.

5.2 АК төрағасының кандидатурасы Ғылыми кеңестің шешімімен ағымдағы оқу жылының 1 қарашасынан кешіктірілмей бекітіледі және ағымдағы оқу жылы ішінде қолданылады.

5.3 Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен құрамы ректордың бүйрығымен бекітіледі және оқу жылы ішінде әрекет етеді.

5.3 Аттестаттау комиссиясының төрағасы бітіруші мамандардың бейініне сәйкес келетін және осы ЖОО-да жұмыс істемейтін практикалық өтілі бар профессорлар, доценттер, ғалымдар, оқытушылар, өндірістің тәжірибелі мамандары қатарынан тағайындалады.

5.4 АК құрамы профессор-оқытушылар құрамынан (бұдан әрі - ПОК), шығарылатын 4 кадр бейініне сәйкес келетін жоғары білікті мамандардан құралады және ББ басшысының ұсынуы бойынша Басқарма-Төрағасы Ректордың бүйрығымен бекітіледі.

5.5 аттестаттау комиссиясының құзыретіне:

- 1) білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарына шығарылатын кадрлардың теориялық және практикалық даярлығының сәйкестік деңгейін тексеру;
- 2) бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дәрежесін беру;
- 3) кадрларды даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.

6. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

6.1 АК жұмыс кестесін Офис-регистратор жасайды, академиялық жөніндегі проректор бекітеді және АК жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей жалпы назарға жеткізіледі.

6.2 Қорытынды аттестаттауға жұмыс және жеке оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған студенттер жіберіледі. Теориялық оқуды аяқтамаған студенттер қорытынды аттестаттауға жіберілмейді. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын білім алушылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ББ көрсете отырып, тізімдік құрам түрінде ресімделеді.

6.3 Деканаттар қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей тіркеу кеңесіне және аттестаттау комиссиясына өкім береді.

6.4 Дипломдық жобаны қорғау басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей аттестаттау комиссиясына:

- 1) Ғылыми жетекшінің пікірі, онда "қорғауға жол беріледі" немесе "қорғауға жол берілмейді" деген дәлелді қорытынды беріледі;
- 2) Қорғауға ұсынылған диплом жобасына жан-жақты сипаттама және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаны және "бакалавр" дәрежесін беру мүмкіндігін көрсете отырып, дәлелді қорытынды берілетін рецензия;
- 3) Бітіруші ББ қорғауға ұсыным беру туралы шешімі (хаттамасынан үзінді);
- 4) Дипломдық жобаның плагиат мәніне тексеруден өткені және мазмұнының шығаруши кафедра жүргізетін тақырыпқа сәйкестігі туралы анықтама;

- 6.5 Аттестаттау комиссиясы отырысының ұзактығы күніне 6 академиялық сағаттан, күніне 5 жобадан, 1 жоба – 50 минуттан аспауға тиіс.
- 6.6 Дипломдық жобаны қорғау нәтижелері бойынша білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалар қойылады. Бұл ретте білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейі, сондай-ақ ғылыми жетекші мен рецензенттің пікірлері ескеріледі.
- 6.7 Егер ғылыми жетекші және / немесе бітіруші ББ "қорғауға жол берілмейді" немесе "қорғауға ұсынылмайды" деген теріс қорытынды берсе, студенттің (студенттердің) дипломдық жобаны қорғауға құқығы жоқ.
- 6.8 Дипломдық жобаны қорғау нәтижелері дипломдық жобаны қорғаган күні жарияланады.

7. КЕШЕНДІ ЕМТИХАНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

- 7.1 Кешенді емтихан пәндердің оқу бағдарламалары (силабус) негізінде ББ әзірлеген бағдарламалар бойынша өткізіледі.
- 7.2 Қорытынды аттестаттаудың кешенді емтиханының бағдарламаларын академиялық мәселелер жөніндегі проректор академиялық Кеңестің шешімі негізінде ағымдағы жылдың 30 желтоқсанына дейін бекітеді.
- 7.3 Қорытынды аттестаттау материалдары (билеттер) қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 2 апта бұрын конвертке мөрленеді және Офис-регистратор бөліміне тапсырылады.
- 7.4 Емтихан материалы факультет кеңесінің отырысында талқыланады және ҚА басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей факультет жанындағы сапанды қамтамасыз ету жөніндегі комиссиямен келісіледі.
- 7.5 Дайын емтихан билеттері конвертке мөрленеді, мөр қойылады.
- 7.6 ББ басшысы емтихан күні емтихан билеттері бар конвертті алады және емтихан басталар алдында аттестаттау комиссиясы мен студенттердің қатысуымен конвертті ашады.
- 7.7 Техникалық хатшы өз бетінше таңдау үшін билеттерді орналастырады және студенттерді мөр басылған жауап параптерымен қамтамасыз етеді.
- 7.8 Студентке билет бойынша дайындалуға 45 минут уақыт беріледі.
- 7.9 Жауап дайындау аяқталғаннан кейін студент билет сұрақтары бойынша және комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап береді.
- 7.10 Кешенді емтиханды бағалау 100 балдық шкала бойынша студенттің оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша негізделеді.
- 7.11 Қорытынды баға аттестаттау комиссиясы мүшелерінің жиынтық балдарынан есептеледі әрбір сұрақ үшін орташа балл есептеледі. Әр сұрақтың орташа балынан кешенді емтиханның қорытынды балы есептеледі.
- 7.12 Емтихан нәтижелері кешенді емтихан өткізілген күні жарияланады.

АПЕЛЛЯЦИЯ

- 8.1 Қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспейтін студент емтихан өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция береді.
- 8.2 Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін Басқарма Төрағасы - Ректор бұйрығымен біліктілігі бейініне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.
- 8.3 Студент кешенді емтиханның дәлелді апелляциялық сұрақтарын көрсете отырып өтініш жазады.
- 8.4 Апелляциялық комиссия өтінішті түскен сәттен бастап 24 сағат ішінде қарауға міндетті.
- 8.5 Апелляциялық комиссияның нәтижелері хаттамамен ресімделеді және Офис - регистраторға ұсыну үшін техникалық хатшыға беріледі.
- 8.6 Офис-регистратор апелляциялық комиссияның шешімі негізінде он шешіммен Platonus ААЖ-ға өзгерістер енгізеді.

АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ

- 9.1 Аттестаттау комиссиясының барлық отырыстары хаттамамен ресімделеді (2-қосымша).
- 9.2 Хаттаманы комиссия құрамында бекітілген аттестаттау комиссиясының хатшысы толтырады.
- 9.3 Дипломдық жобаны қорғауды бағалау туралы, сондай-ақ дәреже беру немесе біліктілік беру және диплом беру туралы шешімдерді (ұздік емес, ұздік) аттестаттау комиссиясы жабық отырысында отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Дауыс саны тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 9.4 Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген студент аттестаттау комиссиясы төрағасының атына өтініш жазады, дәлелді себебін растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсаты бойынша аттестаттау комиссиясы отырысының басқа күні емтихан тапсырады немесе дипломдық жобаны қорғайды.
- 9.5 Оң бағаны арттыру мақсатында кешенді емтиханды немесе дипломдық жобаны қорғауды қайта тапсыруға жол берілмейді.
- 9.6 "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тұлғаларға кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе диплом жобасын қайта қорғауға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат етілмейді.
- 9.7 Қорытынды аттестаттау бойынша "қанағаттанарлықсыз" баға алған студент ректордың бұйрығымен "білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған" және "диплом жобасын қорғамаған" немесе "кешенді емтихан тапсырмаған" студент ретінде институттан шығарылады.
- 9.8 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген студент ЖОО басшысының атына бір жылдан ерте емес, бірақ келесі оқу жылының қорытынды аттестаттауы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей қайта қорытынды аттестаттауға рұқсат беру туралы өтініш жазады.

9.9 Қайта қорытынды аттестаттауға жіберу Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен ресімделеді.

9.10 Қорытынды аттестаттаудан өткен және тиісті ББ менгергенін растаған білім алушыға АК шешімімен "білім бакалавры" дәрежесі беріледі және қосымшасы (транскрипт) бар жоғары білім туралы диплом және дипломға жалпыеуropalық қосымша (Diploma Supplement) тегін беріледі.

9.11 Жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша А, А- "өте жақсы", В-, В, В+, С+ "жақсы" бағалары бар емтихандарды тапсырған және үлгерімнің орташа балы (GPA) 3,5 - тен төмен емес, сондай-ақ кешенді емтихан тапсырған немесе А, А - "бағалары бар диплом жобасын қорғаған студентке өте жақсы", үздік диплом беріледі (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда).

9.12 Оку кезеңінде емтихандарды қайта тапсырған немесе жазғы сессияда қайта тапсырған студент үздік диплом алмайды.

9.13 Факультет деканының қызметтік хаты негізінде жоғары білімнің тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен білім алушыларға "бакалавр" дәрежесін бере отырып, бітіргені туралы Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығы шығарылады.

9.14 Аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін оның Төрағасы қорытынды аттестаттау туралы есеп жазады, ол бір ай мерзімде институттың Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

9.15 Аттестаттау комиссиясы төрағасының есебі түсіндірме жазбаны қамтиды, онда:

- 9.16 Осы білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау деңгейі;
- 1) дипломдық жобаларды орындау сапасы;
 - 2) дипломдық жобалар тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жағдайына және өндіріс сұраныстарына сәйкестігі;
 - 3) кешенді емтихандарда анықталған студенттердің білім сипаттамасы, жекелеген пәндер бойынша мамандар даярлаудағы кемшіліктер.

**Оқу есебін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі
оларды дәстүрлі шкалаға ауыстыра отырып, білім алушылардың
жетістіктері ECTS (ситиэс) бағалары**

Бойынша бағалау әріптік жүйесі	Сандық баламасы	Ұпайлар (%) мазмұны)	Бойынша бағалау дәстүрлі жүйесі
A	4,0	95-100	Отте жақсы
A-	3.67	90-94	
B+	3.33	85-89	
B	3.0	80-84	
B-	2.67	75-79	
C+	2.33	70-74	
C	2.0	65-69	
C-	1.67	60-64	
D+	1.33	55-59	
D-	1.0	50-54	
FX	0.5	25-49	қанағаттанарлық
F	0	0-24	

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Факультет _____
Білім беру бағдарламасы _____

Мемлекеттік атtestаттау комиссиясының № (1,2,3) ХАТАМАСЫ
Арқалық қаласы

күні

Күн тәртібі:
Пән бойынша қорытынды атtestаттау _____

Тындауды:

1. Студенттің аты-жөні-билет № _____
Сөз сөйлемді:

Шешім қабылдануды:

№	Студенттің т. а. з.	1 сұрақ	2 сұрақ	3 сұрақ	барлығы	Итоговая оценка			ескертпе
						Әріптік жүйе бойынша бағалау үпайлардың	сандақ бағамасы	пайыздық мазмұн	

Комиссия төрағасы:

(Аты-жөні-қолы)

Комиссия мүшелері:

1. _____
(Аты-жөні-қолы)
2. _____
(Аты-жөні-қолы)
3. _____
(Аты-жөні-қолы)

Танысу парагы

№	Т.А.Э.	Комы
1.	Мурзинов М. С.	Химия
2.	Денисовская С. Б.	Геодезия
3.	Шабаликова Н. С.	Математика
4.	Музычук А. Г.	Физика
5.	Соколова Т. С.	Биология
6.	Коршунов С. Г.	География
7.	Макаровский А. А.	ГИТ
8.	Рахимова Е. И.	Информатика
9.	Асадова А. К.	ГИТ
10.	Сабитбекова Т.	ГИТ
11.	Енисиевская З.	ГИТ
12.	Д. В. Сагировская	ГИТ
13.	Спаническая М. Н.	Алгебра
14.	Кариматова Н. Д.	ГИТ
15.	Дубченкова А. К.	ГИТ